

ИГІ ІСТЕР

Куйбышев көшесі, 77...

Бұл адрес павлодарлық жасөспірімдерге жақсы таныс. Осы мәдениет ошағынан олар қызықты кітап әлеміне саяхат шегеді.

Әңгіме С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасы жайында екенін сіз, бәлкім, сөзген де боларсыз. Кітапхана 1959 жылы ұйымдастырылған-ды. 1963 жылы оған Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы кітапхана атағы берілді. Ал биылғы ноябрьде коллектив кітапхана құрылғанына жиырма жыл толуын атап өтпек.

Осы жылдар ішінде кітапханада қанша оқырман болғанын дәл білудің өзі қиын. Жыл сайын алты жарым мыңнан астам жас ұлан мұнда 170 мыңнан астам кітап пен журнал алып оқиды.

Жас оқырмандар өздері білгісі келген сұраққа жауапты кітаптан ғана табумен шектелмейді. Кітапханадағы диaposитивтер де, қысқа метражды фильмдер де, диафильмдер де олардың игілігіне қызмет етуде.

Кітапхана қорында бір жүз он бір мың данадан астам баспа туындысы бар. Ғылым-білімнің саналуан саласы жөніндегі әдебиеттер мұнда мол. Сонымен қатар ол жыл сайын төқсаннан астам түрлі газеттер мен журналдарды жазғызып алып тұрады.

Мектеп программасына көмек ретінде әдебиетті насихаттау жұмысы да айтарлықтай жолға қойылған. Кітапхана бұл жұмысты қаланың мектептерімен бірлесіп жүргізеді. Кітапхана қызметкерлері өткізетін кітап жөніндегі оқырмандар конференциялары әңгімелер, шолулар, әдеби кештер оқушылардың тиісті пәндерді жақсы игеруіне көмектеседі.

Кітапхананың ғылыми-методикалық және библиографиялық бөлімдері жыл сайын тақырыбы мен мазмұны әртүрлі көптеген методикалық-библиографиялық материалдар шығарып тұрады. Қазіргі кезде бұл бөлімдер Қазақ ССР-інің 60 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 110 жыл толуын мерекелері құрметіне мектептердің, қалалық және аудандық балалар кітапханаларына көмекші материалдар әзірлеумен шұғылданауда.

Кітапхана негізі қаланған күннен бастап оның директоры болып істеген Зинаида Александровна Глушкованы коллектив откен жылы құрметті демалысқа шығарып салды. Кітапхананың еңбек ардагерлерінің сапында кітап қорын ұйымдастыру және пайдалану бөлімінің меңгерушісі А. Усова, бас библиограф және жергілікті комитеттің председателі М. М. Фисенко жолдастар бар. Тәжірибелі қызметкерлермен қатар кітапханада жас мамандар, Ермак мәдени-ағарту училищесінің түлектері еңбек етуде. Олар жас оқырмандарға ұлан-ғайыр кітап теңізі ішінен өздеріне керекті кітапты таңдап алуына, түсініп оқуына үнемі көмектесуде.

КПСС Орталық Комитетінің «Идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту туралы» қаулысында кітапхана қызметкерлері алдына келелі міндет қойылған. Кітапхана ісінің маманы Н. Голубева басқарған коллектив осы міндет деңгейінде бола бермек.

Н. АЛЕКСЕЕВА,

С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасының қызметкері.